

# Қазақстан Республикасы еңбек құқығы

referatikz.ru

Нұрлан Мерей  
Қаржы-141

---

## Еңбек

адамдардың өмірі үшін қажетті материалдық рухани және басқа да құндылықтар жасауға бағытталған адам қызметі .

## Еңбек құқығы

- Жалдамалы жұмысшылардың еңбегін реттейтін құқық саласы.



**Еңбек құқығы**

жұмыскер мен қызметкердің тікелей еңбек ету жағдайы бойынша жұмыс беруші атынан әрекет ететін әкімшілікпен қатынасын реттейді;

өндірісті басқаруға жұмыскердің қатысу, еңбек жағдайын тағайындау мен қолдану жағдайы бойынша әкімшіліктің еңбек ұжымымен қатынасы;

еңбек дауларын қарастыру бойынша қатынастар;

еңбекті қорғау және бірқатар басқалары бойынша қатынастар.

# Еңбек құқығының пәні

- еңбекті қоғамдық негізде ұйымдастыруға, басқаруға, кәсіпорындардың меншік нысанына қарамастан қызметкерлердің жұмыс күшін еңбек функциясына сәйкес пайдалануға және қызметкердің ішкі еңбек тәртіп ережелеріне бағына отырып, белгілі бір еңбек функциясын атқаруға, өз кезегінде жұмыс берушінің қызметкерге жалақының уақытылы төлеуін, жұмыс орнында қауіпсіздік пен еңбекті қорғау ережелерінің сақталуын қамтамасыз ету міндетін жүзеге асыруға байланысты пайда болатын біртектес құқықтық қатынастар болып табылады.
-

- еңбек құқығы саласында еңбектік қатынастарды реттейтін негізгі әдістер

1

- Мемлекеттік – орталықтандырылған реттеу әдісі

2

- Шартты (келісімді түрде) нысанда реттеу әдісі

3

- Кәсіпорын, ұйым деңгейінде реттеу әдісі (локальдық әдіс)
  - Жеңілдік түрдегі әдіс
-

Қазақстан Республикасының  
Конституциясында еңбек саласындағы  
қатынастарды құқықтық реттеудің  
мынадай принциптері баянды етілген

демалуға құқығы (24-бап)

еңбек бостандығы және өзінің  
еңбекке қабілеттілігіне еркін билік  
ету, қызмет пен кәсіп түрін таңдау  
мүмкіндігі;

мәжбүрлі еңбекке тыйым салу және  
жұмыссыздықтан қорғау (24-бап);

денсаулықты қорғау құқығы (29-бап)

бірлестіктер бостандығына  
құқығы (23-бап);

құқықтар мен бостандықтарды  
заңмен тыйым салынбаған барлық  
әдістермен қорғау құқығы (13-бап);

еңбегі үшін ешқандай кемсітушіліксіз және  
жалақының ең аз мөлшерінен кем емес сыйақы  
алу құқығы (24,28-бап)

еңбек құқығында осы саланың өзіндік ерекшелігі ескеріле отырып құқықтар нақтыланады және мынадай түрде беріледі:

1. Еңбек бостандығы еңбек шарты бостандығының салалық принциптеріне ауысады.


2. Денсаулық сақтау құқығы қауіпсіздік пен тазалық талаптарына жауап беретін еңбек жағдайлары құқығында нақтыланады.

3. Еркін бірлестіктерге құқық – нақ өндірістік кәсіптік мүдделерді қамтамасыз ету және қорғау үшін кәсіптік одақтарға бірігу құқығы – еңбек құқығы принципіне ауысады.

4. Өз құқықтары мен бостандықтарын қорғау құқығы ереуілге шығу құқығын қоса алғанда, оларды шешудің заңмен белгіленген әдістерін пайдалана отырып жеке-дара және ұжымдық еңбек даулары құқығында нақтыланады.

5. Демалыс құқығы еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін қызметкерлерге қатысты Конституцияның өзінде, заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мерекелік күндерге, ақы төленетін жыл сайынғы демалысқа белгіленген кепілдікпен нақтыланады.

6. Еңбекке ақы төлеу принципі де конституциялық деңгейде сала ретінде белгіленген, өйткені ол адам қызметінің тек жекелеген нәтижесінің төлемін алумен ғана емес, оның процесімен байланысты.

- 
- Еңбек қатынастарын құқықтық реттеу негіздерін айқындайтын, тікелей қолданылатын заң Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады, еңбек туралы барлық нормативтік құқықтық актілер Конституцияға сәйкес келуге тиіс.
-



Еңбек туралы  
нормативтік  
құқықтық  
актілер  
Қазақстан  
Республикасы  
ндағы Еңбек  
туралы  
Заңынан және  
соған сәйкес  
қабылданған:


заңдардан және Қазақстан  
Республикасы Президентінің заң  
күші бар жарлықтарынан;

Қазақстан Республикасы  
Президентінің жарлықтарынан;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
қаулыларынан;

Қазақстан Республикасы  
Конституциялық Кеңесінің  
нормативтік қаулыларынан;

министрліктер мен  
ведомстволардың нормативтік  
құқықтық актілерінен тұрады.




Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабының 4-тармақшасына сәйкес азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты еңбек туралы нормативтік құқықтық актілердің ресми жариялануы оларды қолданудың міндетті шарты болып табылады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда Қазақстан Республикасының еңбек туралы нормативтік құқықтық актілеріндегіден өзгеше ережелер белгіленсе, аталған шарттың ережелері қолданылады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда Қазақстан Республикасының еңбек туралы нормативтік құқықтық актілеріндегіден өзгеше ережелер белгіленсе, аталған шарттың ережелері қолданылады.

- Орталықтандырылған тәртіппен қабылданған нормативтік құқықтық актілер, әдетте, жалпы ережелерді белгілейді, олар ұйымдарда қолданғанда нақтылауды талап етеді немесе соған жол береді. Ұйымдарда қабылданған нормативтік актілер жұмыс берушінің актілері деп аталады. Оларға бұйрықтар, өкімдер, нұсқаулықтар, ішкі еңбек тәртібінің ережелері жатады.



Еңбек туралы заңдардың негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

Еңбек саласындағы нарықтық қатынастардың құқықтық негіздерін бекемдеу;

Еңбек бостандығы мен еңбек туралы шарттар бостандығын бекемдеу;

Әлеуметтік серіктестік қатынастарын реттеу;

Еңбек қатынастарындағы қызметкерлер мен жұмыс берушінің құқықтық мәртебесін белгілеу;

Қызметкерлердің, оның ішінде уақытша жұмыссыздардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ететін құқықтық кепілдіктер жүйесін орнықтыру.

A close-up photograph of a firefighter. The firefighter's face and hands are covered in black soot. He is wearing a dark jacket and a red helmet. He is holding the helmet with his left hand, which has a flashlight attached to it. His right hand is pressed against his forehead. The background is blurred, showing other people in a public setting.

Назарларыңызға рахмет!!!